ЖАҢАҚОРҒАН АУДАНЫНЫҢ
ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ЖӘНЕ
ӘЛЕУМЕТТІК БАҒДАРЛАМАЛАР
БӨЛІМІ"

КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ

" ОТДЕЛ ЗАНЯТОСТИ, СОЦИАЛЬНЫХ
ПРОГРАММ ЖАНАКОРГАНСКОГО
РАЙОНА"

120300, Жаңақорған кенті, Б.Майлин к-сі № 5
тел/факс: 8(72435) 23-2-70
E-mail: jkorgan@ korda.gov.kz

120300, кент Жаңақорған, ул.Б.Майлина №5
тел/факс: 8(72435) 23 -2-70
E-mail: jkorgan@ korda.gov.kz

29.06.2026 № 02-02/93

«Ашық Азаматтық Қоғам"
ақпараттық-ресурстық орталығы»
қоғамдық қорының
директоры Ә.Ж.Бақытжанұлына

Жаңақорған ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімімен (бірыңғай ұйымдастырушы) 2026 жылғы 24 маусымдағы №295104 шағымды қарау нәтижелері бойынша шағымды қанағаттандырудан бас тарту туралы шешім қабылданды және оның себептері қосымшаға сәйкес толық көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы №687 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының *(әрі қарай -Қағида)* 595-тармағының негізінде «Ашық Азаматтық қоғам» ақпараттық ресурстық орталығы» қоғамдық қорының шағымы қанағаттандырудан бас тарту туралы шешім қабылданды.

Өз кезегінде, Қағиданың 590-тармағының негізінде шағым мәлімделген талаптар (дәлелдер) шегінде қаралды.

Мемлекеттік сатып алу туралы Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабының 3-тармағына сәйкес тапсырыс берушінің, ұйымдастырушының, бірыңғай ұйымдастырушының щағымды қарау нәтижелері бойынша қабылдаған шешіміне Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сотқа шағым жасалуы мүмкін.

Бұл ретте бірыңғай ұйымдастырушының шешіміне әкімшілік сот ісін жүргізу шеңберінде шағымдану мемлекеттік сатып алу рәсімдерін тоқтата тұрмайды.

Қосымша: 2 парақта

Бөлім басшысы **С.Асенов**

Орындаған: Ш.Накипова
М.Серікова
тел: 8(72435) 23-2-70

Қосымша

2026 жылғы 24 маусымдағы №295104 мемлекеттік сатып алу порталы арқылы жолдаған шағымға сәйкес төмендегіше хабарлаймыз:

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы №687 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының (бұдан әрі- Қағидалар) 460-тармағына сәйкес, мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс қызметтерін мемлекеттік сатып алу кезінде ұйымдастырушы конкурстық құжаттамада әлеуетті өнім берушілер ұсынған конкурсқа қатысуға өтінімдерді бағалау үшін мынадай өлшемшарттарды көздейді:

1) әлеуетті өнім беруші ұсынатын жобаның тапсырыс берушінің техникалық ерекшелігінің талаптарына сәйкестігі;

2) әлеуетті өнім берушінің қызметі мақсатының (құрылтай құжаттарына сәйкес) тапсырыс берушінің сатып алынатын қызметтеріне және «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс, стратегиялық әріптестікті іске асыруға арналған мемлекеттік тапсырыс, үкіметтік емес ұйымдарға арналған гранттар және сыйлықақылар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабында көзделген салалар сәйкестігі;

3) әлеуетті өнім берушінің «Үкіметтік емес ұйымдардың дерекқорында» болуы туралы мәліметтер;

4) әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы;

5) әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға тартылатын мамандардың еңбек өтілі мен біліктілігі;

6) жоба жергілікті бюджет қаражаты есебінен іске асырылған жағдайда үкіметтік емес ұйымның тиісті өңірдегі жұмыс тәжірибесі.

Қағидалардың 460-тармағына сәйкес мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс қызметтерін мемлекеттік сатып алу кезінде ұйымдастырушы конкурстық құжаттамада әлеуетті өнім берушілер ұсынған конкурсқа қатысуға өтінімдерді бағалау үшін өлшемшарттардың бірі «Әлеуетті өнім беруші ұсынатын жобаның тапсырыс берушінің техникалық ерекшелігінің талаптарына сәйкестігі» болып табылады.

Осы көзделген өлшемшарттар бойынша баллдарды есептеу конкурстық құжаттаманың (бұдан әрі КҚ) 21-қосымшасына сәйкес жүзеге асырылады. Конкурстық құжаттамаға 21-қосымшасының 1-тармағына сәйкес, әлеуетті өнім беруші ұсынатын жобасы келесі бөлімдерді қоса алғанда, тапсырыс берушінің техникалық ерекшелігінің талаптарына сәйкес болуы тиіс:

- Мәселенің сипаттамасы (зерттеу, статистикалық және аналитикалық ақпаратты талдау арқылы анықталған объективті деректермен негізделген);
- Жобаның мақсаттары мен міндеттері;
- Жобаны іске асыру әдістері;
- Тапсырыс беруші қойған мақсаттарға қол жеткізу бойынша іс-шаралардың егжей-тегжейлі жоспары (іс-шаралардың атауы мен нысандары, өткізу орны мен мерзімдері);
- Бенефициарларды қамту, жобаны ақпараттық сүйемелдеу;

- Күтілетін нәтижелер (жобаны іске асыру процесінде қол жеткізілетін оң өзгерістер, әлеуметтік әсер);

- Сандық және сапалық индикаторлардың, оның ішінде салым, процесс индикаторларының, қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді нәтижелердің болуы.

«Ашық Азаматтық Қоғам" ақпараттық-ресурстық орталығы» қоғамдық қорының мүгедектігі бар адамдарды тасымалдау қызметі үшін (инватакси) ұсынған құжаттары жоғарыда көрсетілген 21-қосымшаның 1 тармағындағы барлық бағыттар бойынша сәйкес келмейтіндігі анықталды. Яғни аудан бойынша халық санын оның ішінде мүгедектігі бар адамдар санын, сонымен қатар созылмалы бүйрек жетіспеушілігімен ауыратын жандар, ауылдық округпен кент орталығының қашықтығы, және мүмкіндігі шектеулі жандарға көрсетілетін қызметтерге оң нәтижеге қол жеткізу үшін техникалық ерекшелікте көрсетілген 5 автокөлігі оның ішінде арнайы автокөлігін және қажет болған жағдайда қосымша автокөліктерді тарту көзделмеген. Жалпы алғанда, техникалық ерекшеліктің талаптарына, жобаның мақсаттары мен міндеттеріне байланысты статистикалық, аналитикалық, тағыда басқа талдаулар толық зерттелмеген.

«Ашық Азаматтық Қоғам" ақпараттық-ресурстық орталығы» қоғамдық қоры, техникалық ерекшелікте көрсетілген мүгедектігі бар адамдарды тасымалдау (инватакси) қызметіне емес мәдени және бұқаралық шараларға арналған, яғни жастарды іс шараға тарту, ардагерлерге құрмет және қолдау көрсету, фотосурет, видеоролик материалдарын ұсыну туралы талдау жасаған. Сонымен қатар әлеуетті өнім беруші тапсырыс берушінің техникалық ерекшелігін көшірумен шектеліп, тапсырыс берушінің талаптарын өз міндеттеріне алмаған.

Қорытындылай келе «Ашық Азаматтық қоғам» ақпараттық ресурстық орталығы» қоғамдық қорының шағымын қанағаттандырудан бас тарту туралы шешім қабылданды.